



**plans.label.author:** Балимова Бақытгүл Сансызбайқызы

**plans.label.category:** Қазақ әдебиеті

**plans.label.class:** 6-сынып

**plans.label.section:** Абайды оқы, таңырқа!

**plans.label.theme:** Абай шығармашылығы

Абай шығармашылығы	<p>Мектеп: №1 ШМГ Бөлім: Абайды оқы, таңырқа! Мұғалімнің аты-жөні: Балимова Б С Күні: 07.11.19 Сынып: 6 «А» Қатысқан оқушылар саны: Қатыспағандар: Сабақтың тақырыбы Абай шығармашылығы Коммуникативтік дағдылар (Т/Ж2) Әдеби шығарманың тұжырымдамасы Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары 6.1.2.1 - әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; Контекст (мәнмәтін) Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі Сабақтың мақсаттары Барлығы: Өлеңнің тақырыбы мен идеясын түсінеді. Көбісі: Өлеңнің әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді идеясы арқылы дұрыс анықтайды. Кейбірі:Әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізеді. Бағалау критерийі - әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіреді; - әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы арқылы жеткізеді. Тілдік мақсат Пәнге қатысты сөздік қорлар мен терминдер: ғибрәтлі , нәфрәтлі, мал шашпақ, қанағат, рақым Диалог құруға, жазуға арналған пайдалы тіркестер: «Ғалым болудың басты шарттары» , «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», «Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды» Пәнаралық байланыс Тарих, қазақ тілі, ұлттық салт-дәстүр Сабақта қамтылатын құндылықтар Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет: басқа мәдениеттер мен тілдерге, адамгершілік пен пікірлердің әртүрлілігіне құрметі қалыптасады. Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану Алдыңғы оқу Абай Құнанбайұлы өлеңдерін жатқа айту</p>
--------------------	---

### plans.stages

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
------------------------	-------------------------	--------------------------



<p>Абай шығармашылығы (07.11.2019)</p>	<p>Жоспар Жоспарланатын уақыт Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер Сабақтың басы 7 минут 5 минут Сабақтың ортасы 18 минут I. Ұйымдастыру кезеңі.а).Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру, 5 Т ережесін оқушылармен бекіту. Сабақтың мақсаты талқыланып, тақырыбы анықталады.Алдыңғы білімді дамыту және сабақтастықты көрсету мақсатында үшін Абай Құнанбайұлы өлеңдері бойынша «Поэзия минутын» өткізіледі. Оқушыларға мәтін таратылады. Олар өлеңді іштей оқып, түсінеді. Оқушылардың еркімен мәнерлеп оқу сайысын өткізеді. Сайысқа қатысатын оқушылар бөлек отырғызылып, қалған оқушыларға мәнерлеп оқу критерийін құру тапсырылады. Сол критерийге сай бағаланып, «Дауыс беру» әдісі арқылы жеңімпазды анықтайды. Оқушылардың алдыңғы білімдерін саралау үшін Абай шығармашылығын қаншалықты білетіндіктерін сабақ барысында анықтау алу. Жаңа сабақтың мақсаты анықтап, бағалау критерийілері ұсынылады.Сабақ мақсатына жету үшін оқушылар сурет арқылы 4 жұпқа бөлу. Топтар өздеріне жүктелген міндеттерді түсінеді. Топқа бөлу: «Тақырып», «Идея», «Қоғамдық», «Әлеуметтік» қимақағаздары арқылы топқа бөлу 1 – топ «Белгілеушілер» 2 – топ «Байланыстырушылар» 3 – топ « Суреттеушілер» 4 – топ « Қорытындылаушы» II. Тыңдалым алды тапсырма:Абай өлеңдерінің алғашқы тармағы оқылады, оқушылар жалғасын айтады. 1.Құлақтан кіріп, бойды алар Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй. 2. Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де — бір кірпіш, дүниеге Кетігін тап та, бар қалан! III.Тыңдалым.<a href="https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/6-synyp">https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/6-synyp</a> сайтынан өлеңдерінің мазмұны туралы мәтін тыңдалады. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. 1. Осы шығарма сендерге ұнады ма? Неліктен? 2. Ақынжастарға неге шақырады? Қай тұсы? 3. Ақынның «Ғылымды таппаймақтанба» дегеніне көзқарастарың қандай? 4. Сендердің ойларыңша,«ғылым, білім» адамзат баласына не үшін керек? 5. Өлеңде көтерілгенмәселе қаншалықты өзекті? (Оқушылар пікірі тыңдалады) Қ.Б «Бас бармақ»1 – тапсырма.Б.К.топпен үзіндінің тақырыбы, идеясы, әлеуметтік, қоғамдық мәселесіне талдау жасайды. Бөлімі Тақырыбы Идеясы Қоғамдық-әлеуметтік мәселе Дескрипторлар: - үзіндінің тақырыбы мен идеясын талдайды; 1 ұпай - өз көзқарасын жеткізеді; 1 ұпай - кестені тапсырмаға сай толтырады. 1 ұпай Қалыптастырушы бағалау. Топтық бағалау Топтар өзара бағалауды стикерге жазу арқылы жүзеге асырады. 2 – тапсырма.Төмендегі үлгі бойынша сөйле.Өлеңдегі кейіпкер кім? Оны термин түрінде қалай айтамыз? (лирикалық кейіпкер) Б.К.1. кейіпкер бейнесін ашатын жолдарды жазып ал. 2. өміріңе, іс-әрекетіңе септігін тигізер қандай қорытынды жасадың? Дескрипторлар: - Өлеңдерде көтерілген мәселерді талдайды 1 ұпай - Өлең кейіпкеріне баға береді 1 ұпай - Ойын өмірмен байланыстыра алады 1 ұпай Бұл тапсырма жұппен/топпен/сыныппен орындалады. Шығармашылық тапсырма.«Ғалым болудың басты шарттары» , «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», «Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды» Дескрипторлар: - берілген нақыл сөздер мазмұны бойынша ой қорытады,- өзіндік ойын өмірмен байланыстырып еткізе алады.( Ерекше марапат аталымдары) Қ.Б «Үш шапалақ» III. Мағынаны тану кезеңі. Жұптық жұмыс.«Әдеби шеңбер» стратегиясы. (Міндеттеріне қатысты әр жұпқа жеке-жеке дескриптор таратылады.) Б.К.Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқып, әр жұп өздеріне тиісті тапсырманы орындайды. Тапсырма .Белгілеуші жұп- өлеңнің тақырыбын анықтап, ғылым жолына ұмтылған жастарға ақынның айрықша ескертуін , ақынның айтайын деген ойын жеткізіңіздер. Тақырыбы Жастарды ғылымға, білімге, өнерге шақыру. Байланыстырушы – өлеңнің идеясын анықтап, маңызды деген үзінділерді қазіргі өмірмен байланыстыра отырып өзіндік көзқарастарыңызды білдіріңіздер. Идеясы Ғылымның үлкен қазына екенін жеткізу Суреттеуші – өлеңдегі маңызды мәселелердің біріне қатысты сурет салып, ой қорытынды жасаңыздар. Қорытындылаушы- ақын жастарға қандай нәрседен қашық болып, қандай нәрсемен дос болуға шақырды ? өлеңнің негізгі түйінін, тәрбиелік мәнін анықтаңыздар. Өлеңнің негізгі түйіні, тәрбиелік мәні Жамандықтан жиреніп, жақсылықтан үлгі алу. Дескрипторлар: - Оқушылардың барлығы рөлдік тапсырмаға қатысады; ( атаулар беріледі) Белгілеуші жұп 1. Өлеңнің тақырыбын, ақынның айтайын деген ойын анықтай алады; Байланыстырушы жұп 1.Өлеңдегі маңызды үзіндіні анықтай алады; 2. Маңызды үзіндіге қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, көзқарас білдіре алады; 3. Өлеңнің идеясын анықтай алады. Суреттеуші жұп 1.Шығармадағы маңызды үзінді бойынша сурет арқылы түсіндіре алады; 2.Сурет негізінде ой қорытындысын жасай алады.</p>	<p>Слайд  <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/6-synyp">https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/6-synyp</a>  <a href="https://go.mail.ru/search_video?fr=amigo&amp;gp=800008&amp;q=%D0%BA%D3%A9%D0%B7%D1%96%D0%BC%D0%BD%D1%96%D2%A3+%D2%9B%D0%B0%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%8B+%D0%BA%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%BE%D0%BA%D0%B5&amp;frm=ws_p&amp;d=8866702306443858525&amp;sig=ecdd48e0f1&amp;s=youtube">https://go.mail.ru/search_video?fr=amigo&amp;gp=800008&amp;q=%D0%BA%D3%A9%D0%B7%D1%96%D0%BC%D0%BD%D1%96%D2%A3+%D2%9B%D0%B0%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%8B+%D0%BA%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%BE%D0%BA%D0%B5&amp;frm=ws_p&amp;d=8866702306443858525&amp;sig=ecdd48e0f1&amp;s=youtube</a></p>
--	---	--

